



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,  
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8,  
Дом Министерств, 5 подъезд  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстанның «Ақ жол»  
демократиялық партиясы  
фракциясының депутаттары**  
**М. А. Казбековаға**  
**А. Т. Перуашевқа**  
**Е. Х. Барлыбаевқа**  
**Е. С. Никитинскаяға**  
**К. Г. Абсатировқа**  
**Б. С. Дюсембиновқа**  
**Д. М. Еспаеваға**

2020 жылғы 23 қыркүйектегі  
№ ДЗ-136 депутаттық сауалға

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Мүдделі тұлғалардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Министрлік 2018 жылы Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрында «Медициналық қалдықтар» платформасын іске қосты.

Медициналық қалдықтарды есепке алуды қамтамасыз ету бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. Яғни, 2019 жылы Министрліктің медициналық қалдықтар туралы ақпарат беру тәртібін бекіту бойынша құзыреті заңнамалық түрде бекітілді, оны іске асыру үшін Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 31 наурыздағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жыл сайын ақпарат енгізу бойынша медициналық қалдықтардың иелеріне (*денсаулық сақтау субъектілері мен қалдықтарды кәдеге жарату және жою үшін мамандандырылған ұйымдар*) қойылатын талаптарды регламенттейтін тиісті қағидалар қабылданды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі жаңа кодексінде (*бұдан әрі – Кодекс*) медициналық қалдықтардың ұғымдары мен жіктемесі берілді, медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, көму және (немесе) пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыратын адамдарға қойылатын талаптар айқындалды.

Кодекстің 101-бабын іске асыру үшін Министрлік медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату, көму және пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірледі. Бұл ретте, белгіленген талаптар қауіпті медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау және залалсыздандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша типтік конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезінде пайдаланылуы тиіс деп санаймыз.

Бұдан басқа Кодексті іске асыру шеңберінде қауіпті медициналық қалдықтарды залалсыздандыру қауіпсіздігін тиісті бақылауды қамтамасыз ету үшін «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптары қайта қаралды және қалдықтарды залалсыздандыру сапасын бақылауға бағытталған қосымша талаптар енгізілді. Енгізілген түзетулер эпидемиологиялық тәуекелдерді азайтуға және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар лицензиялауға жататын қызмет түрлерінің тізімінен алып тастау жосықсыз, біліктілігі жоқ көрсетілетін қызметті берушілерге медициналық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметпен айналысуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына тиісті түзетулер енгізуді орынды деп санаймыз.

Қазіргі уақытта Министрлік Азия даму банкі мен Біріккен ұлттар ұйымының Қазақстандағы Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) қаржылық қолдауымен «Медицина персоналының әлеуетін арттыру және COVID-19 жағдайында медициналық қалдықтармен жұмыс істеудің тұрақты жүйесін құру» жобасын *(бұдан әрі – Жоба)* іске асыруға қатысуда.

Жоба компоненттерінің бірі «Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу саласында нормативтік құқықтық актілерді, нұсқамалар мен стандартты операциялық рәсімдерді әзірлеу» іс-шарасы болып табылады. Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы олқылықтарды ескере отырып, осы іс-шараны іске асыру шеңберінде жұмыс тобы халықаралық сарапшылардың қатысуымен ағымдағы жылдың соңына дейін халық арасында сұйық медициналық қалдықтарды кәдеге жарату және медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинау тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ медициналық қалдықтардың пайда болу нормативтері жобаларын әзірлеуді жоспарлауда.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Экологиялық кодекстің жобасы шеңберінде медициналық қалдықтарды реттеу бойынша құзыретті қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беру мәселесінің қаралуына байланысты оның жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерді бекіту бойынша құзыретін айқындауды орынды деп санаймыз.

Министрлік жүргізіп жатқан жұмыс медициналық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық және сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін төмендетуге, сондай-ақ қалдықтарды заңсыз орналастырумен байланысты төтенше жағдайлардың туындауын барынша азайтуға бағытталған.

***Құрметпен,***  
**Министр**

**А.Цой**

Ж.Уразбекова  
741968



№ \_\_\_\_\_

**Депутатам фракции Демократической  
партии Казахстана «Ақ жол»**

**Казбековой М. А.  
Перуашеву А. Т.  
Барлыбаеву Е. Х.  
Никитинская Е. С.  
Абсатирову К. Г.  
Дюсембинову Б. С.  
Еспаевой Д. М.**

*На депутатский запрос  
№ ДЗ-136 от 23.09.2020г.*

**Уважаемые депутаты!**

Министерство здравоохранения Республики *Казахстан* (далее – *Министерство*) рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос, сообщает следующее.

В целях обеспечения доступа информации заинтересованным лицам, Министерством в 2018 году в Государственном кадастре отходов производства и потребления запущена платформа «Медицинские отходы».

Проведена определенная работа по обеспечению учета медицинских отходов. Так, в 2019 году законодательно закреплена компетенция Министерства по утверждению порядка предоставления информации по медицинским отходам, в реализацию которой приказом Министра здравоохранения от 31 марта 2019 года № ҚР ДСМ-15 приняты соответствующие правила, регламентирующие требования к собственникам медицинских отходов (*субъекты здравоохранения и специализированные организации по их обезвреживанию и утилизации отходов*) по ежегодному внесению информации в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды.

В новом Кодексе Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» (далее – *Кодекс*) даны понятия и классификация медицинских отходов, определены требования к лицам, осуществляющим деятельность по сбору, транспортировке, хранению, обезвреживанию, захоронению и (или) использованию медицинских отходов.

В реализацию статьи 101 Кодекса Министерством разработаны квалификационные требования к физическим и юридическим лицам, осуществляющим деятельность по сбору, транспортировке, хранению, обезвреживанию, захоронению и использованию медицинских отходов. При этом, полагаем, что установленные требования должны быть использованы при

разработке типовой конкурсной документации по запуску услуг по сбору, транспортировке и обезвреживанию опасных медицинских отходов.

Кроме того, для обеспечения надлежащего контроля за безопасностью проведения обезвреживания опасных медицинских отходов, в рамках реализации Кодекса пересмотрены требования Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к сбору, использованию, применению, обезвреживанию, транспортировке, хранению и захоронению отходов производства и потребления» и включены дополнительные требования, направленные на контроль качества обезвреживания отходов. Вносимые поправки позволят снизить эпидемиологические риски и обеспечат эффективность санитарно-эпидемиологического контроля и надзора.

Вместе с тем, исключение из перечня видов деятельности подлежащих лицензированию, позволяет заниматься деятельностью по утилизации медицинских отходов недобросовестным, неквалифицированным услугодателям. В этой связи, считаем целесообразным внесение соответствующих поправок в Закон Республики Казахстан от 16 мая 2014 года «О разрешениях и уведомлениях».

В настоящее время, Министерство при финансовой поддержке Азиатского банка развития и Программы развития Организации Объединенных Наций в Казахстане (ПРООН) принимает участие в реализации Проекта «Повышение потенциала медицинского персонала и создание устойчивой системы обращения с медицинскими отходами в условиях COVID-19» (*далее – Проект*).

Одним из компонентов Проекта является мероприятие «Разработка нормативных правовых актов, инструктажей и стандартных операционных процедур в сфере обращения медицинскими отходами». Учитывая пробелы в сфере обращения с медицинскими отходами, в рамках реализации данного мероприятия рабочей группой, при участии международных экспертов, до конца т.г. планируется разработка проектов нормативных правовых актов регламентирующих порядок утилизации жидких медицинских отходов и безопасного сбора медицинских отходов среди населения, а также нормативов образования медицинских отходов.

Учитывая вышеизложенное, в связи с рассмотрением в рамках проекта Экологического кодекса вопроса передачи компетенции по регулированию медицинских отходов уполномоченному органу в области охраны окружающей среды, полагаем целесообразным определить его компетенцию на утверждение вышеперечисленных нормативных правовых актов.

Проводимая Министерством работа направлена на снижение санитарно-эпидемиологических и коррупционных рисков в области обращения с медицинскими отходами, а также минимизацию возникновения чрезвычайных ситуаций, связанных с незаконным размещением отходов.

*С уважением,*  
**Министр**  
Ж.Уразбекова  
741968

**А. Цой**

